



АҚУҚАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

Ар мен еңбекті пір тұтқан ғалым

Өмірдің өз ұйғарымы бар. Кейде мың ойласаң да реті келмейтінді ыңғайлап жібереді. 1958 жылы қазіргі Бұхар жырау, бұрынғы Ботанический бульвар деген көшеде Хрущев салдырған бірінші және үшінші үйдегілер құдайы көрші болып кездестік. Бірінші үйде менің ұстазым, тарих ғылымдарының докторы, қазақ журналистикасының атасы, профессор Қайыржан Бекхожин және қалалық па әлде орталық партия комитетінде қызмет істеп жүрген, университетте бірге оқыған Оразай Батырбеков тұрды. Шоғырлана салынған үйдің әрірек тұсында қазақтың тау-кен институтының түлегі, әкесі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының директоры, өзі талай жыл Семей қаласында «Алтай-золото» тресінің бас инженері болған Ғайниден Айташевпен аралас-құралас көрші болдық.

Анда-санда болмаса басымыз қосыла бермейді. Әрқайсымыздың жұмыс ыңғайымыз әртүрлі. Оразай болса партия комитетін, Ғайниден болса түрлі-түсті кендер министрлігінің бір ірі бөлімінде, мен не бары Партия тарихы институтында ресми түрде кіші ғылыми қызметкер болғаныммен күні-түні марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының қазақ тіліне аударылған корректурасын оқимын. Аналардай лауазым болмаса да намысқа тырысып іргемді бермеймін. Үйіміздің іргесінде гүлзарды аралап, әңгіме дүкен құрғанда аналарды оң жолдан ептеп болса да шығарып, өңештері тесік екендігін аңғартатын, жастыққа сыиымды пысықтық шараларын жасап қоямыз. Іргеміз жақындап «сен» деген тілге келе бастағанда Оразай мен Ғайниденнің өздері болмағанмен, келіншектерінің түбі дүмді екенін білдім. Оразайдың Шәмшиябануы қазақтың ұлы ғалымы, Академияның президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қызы, ал Ғайниденнің жары Фатиманың сол кезде қазақтың бәрі білетін қайраткер Палымбетовтің қарындасы екенін білгенмен, аяғымды тарта қойған жоқпын. Өйткені өзім де оңай жерден емеспін. Степняктағы «Трест Каззолотоға» қарайтын алтын руднигі Даниловкаданмын. Бұланды ауданындағы бүгінгі Алтындыданмын. Әкемнің қатардағы қарапайым старатель болғанын өндірістен хабары жоқтарға айтсақ «е, солай ма?» деп ірі мансап деңгейінде түсінетін ашық ауыздар ол кезде аз болмайтын.

Мен бұл ұзақ кіріспені негізгі арнаға бару үшін әдейі жасап отырмын. Өйткені адамдардың бір-біріне жанасуы, бірін-бірі қадыр тұтуы әмәнде ұлы істен емес, осындай ұсақ-түйектен басталып жатады.

Қаныш ағамыз ешқандай ірілік көрсетпей, күйеу баласының үйіне келіп, қызының қолынан шай ішіп кетуді адамдық парызы санаған данышпан. Ол кісі келіп-кеткеннен кейін Ғайниден екеуміз Оразайды айналдырып, ұлыдан тәбәрік болсын деп сарқыт талап ететін күйге жеткенбіз.

Аяқ табағы әлі жинала қоймаған дастарханға отыра қалып, апыл-ғұпыл табақ пен шишада қалған-құтқанды сіміріп жатқанымызға Шәмшиябану рахаттана қарап, басталмаған шишаны Оразайға білдіртпей жеткізіп, үстелдің шетіне қоя салатын. Сырт келбеті тұйықтау, тіпті суықтау болғанмен көңілі ояу, көкірегі мейірімді, «қайдан келіп қалды мына пәлелер» деген сынайды аңғартпайтын еді. Қабақ тую, мінез көрсету, өзінен-өзі сөйлеу дегенді аңғарған жоқпыз.

Осындай мінезді пенденің әуелі Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетін бітіріп, Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып, ғылым кандидаты болып оралған шағы болатын. Сол тұста, яғни 1956 жылы қазақ мектептері жайындағы жайсыз әңгімелерді қозғап, сөзге ілігіп, қайда кетерімді білмей жүрген кезім болатын. Ғылымға бет қою көңілде болғанмен нақты әрекетке айналмаған түс еді.

Не керек, көршілігіміз жарасып, бір-бірімізді әбден түсіне бастағанда Шәмшия мен Оразай орталықтан пәтер алды. Бәрібір, кездескенде сәлеміміз түзу болып, Шәмшиябану екеуіміз ғылым майданында жиі кездесіп, тіпті М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында азғана уақыт қызметтес болдық. Міне осы уақыттан бастап мен Шәмшияның ғылыми ізденістеріне айрықша ықылас қойып жүрдім.

Өйткені, жасыратыны жоқ, көбіміз бір-бірімізді қайталап жүргенде, ол тың арнаға, әдебиет пен мәдениеттің байланысына назар аударып, қалың оқушыны елендете бастады. Басқаны білмеймін, сол кездегі бір мақаласынан Француздың атақты жазушысы Александр Дюма Еділдің төменгі сағасынан қазақтың киіз үйін көргенде «мынау архитектураның тамаша үлгісі екен» деп таң қалғанын Шәмшиябанудың жазғанынан оқығаным әлі есімде.

1964 жылы Сәкен Сейфуллинге арнаған әдеби-ғұмырнамамды жазып, екі-үш жылдай шығара алмай жүрдім. Оған үлкен кесірдің бірі Ялимов Шәріп жөніндегі Сәкеннің жайсыз пікірі болса, екіншіден, кітапты Қаныш Сәтбаев рухына арнауым болды. «Қазақстан» баспасының директоры осы екі мәселені де өткізбеді. 1972 жылы Мәскеудің «тамаша адамдар өмірі» сериясынан шығарғанда екеуін де өткіздім. «Қызыл сұңқарды» шығарған «Қазақстан» баспасы Мәскеу басылымын мемлекеттік сыйлыққа өз еріктерімен ұсынды. Бірақ сүзгіштен өтпей қалса да Шәмшиябанудың үлкен ризалығына бөлендім. Әкесінің әруағын ардақтау кімге болса да қасиетті ғой. Сөйтіп Оразаймен достық көңіліміз отбасылық ризашылдыққа ғана емес, ғылыми тілектестікке ұласты.

Бір жарым жылдың ішінде жарынан, ұлы мен қызынан айырылуды ешкімнің басына бермесін. Оразай Батырбеков осындай ауыр қайғыға бата жүріп, жасаған ерлігін айтпасам, Шәмшиябану жайында айтар, жазар ойым

дегеніме жете алмауы мүмкін. Оразай үлкен азаматтық танытты, Шәмшиябану, Ғазиз бен Райханның артында қалған мұраларына ғұмыр беруге белін бекем буды. Әуелі қызы Райханның «Научные искания» деген жинағын 2004 жылы жариялатты. Онан кейін Шәмшиябанудың бес томдық шығармалар жинағына кірісіп, екі томын 2007 жылы «Елорда» баспасынан шығарды.

Алғашқы екі томның өзі-ақ Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның қазақ әдебиеттану ғылымына әкеп қосқан сүбелі үлесінен мықтап хабар береді. Өйткені 1973 жылы жеке монография болып шығып, ғылымға ұлан-асыр абырой әкелген «Казахстанско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX века» еңбегі 1974 жылы «Әдеби байланыстар» болып жарияланып, «Өрнекті өріс» пен «Казахская литература и восток» жинақтары арқылы арнасын кеңіте түсті. Шәмшиябанудың ғұлама ғалымдығы әбден танылды.

Осы еңбектерге шейін қазақ әдебиетшілері қазақ-орыс әдеби байланыстарынан әріге бара қойған жоқ-ты. Рас, қазақ пен шығыс, орыс пен қазақ әдебиеттерінің бір-біріне ықпал жасап, белгілі бір арналарға түскені жайында жекелеген авторлардың жазғандарында, әсіресе Абайға байланыстырған тұста үздік-создық айтқанның өзін панисламизмнің шалығы, ...орыс әсерінен безінудің амалы деп, талай мансұқталғандықтан шығысқа аяқ баспай, көбіне орыстың ықпалын оңды-солды, келсін-келмесін жазғандар көп болған еді. Европа әдебиеттерімен байланыстарын арнайы монографиялық зерттеу деңгейінде жасаған, кітап етіп шығарған пенде бола қойған жоқ. Ш.Сәтбаеваның осындай қозғалмаған, аңызына түрен түспеген тақырыпқа барып докторлық диссертация қорғауы қуанарлық құбылыс болғанын дос түгіл қасы мойындағаны шындық. Өйткені, Шәмшиябануша айтсақ, «те многочисленные сведения о нашем крае, которые имеются в записях, книгах западных путешественников, до сих пор не только не изучены, но и не приведены в систему» (2-том, 2007, 11-бет) дегенінен-ақ аңғарамыз.

Басқа жазғандары да еленуге тиісті болғанмен Шәмшиябанудың қазақ ғылымында, әсіресе әдебиеттану тарихында батыс әдебиеттерімен шығармашылық байланыстарды, аралас-құраластықты ғылыми арнаға түсіруі өте құнды және жаңалық. Ал шығыс әдебиетімен байланыстың тарихи арнасын тереңдетіп, нақты өзектермен таным-білігінді кеңейте, молайта түскені де бір ғалымның ізденісіне, бейнетіне аздық етпейді. Сондықтан әдеби байланыс салаларын бұдан былай егжейлей қазатындарға жөн-жоба көрсетіп, қайсыбіріне ғылыми жетекшілік жасауы ғылымға саналы түрде, атақ алып, дипломымен жұртты жайқамай, шын мәнінде қазақ деген момын халықтың рухани дүниесі бай болғандығын, көргені мен естігенін өз арасында байыта түсуге рухани құмарлығын анық аңғартады. Сол үшін мен Шәмшиябануды қадыр тұтып, өзгелерден артық санаймын.

Мұны құрбыласы мен ғана емес, кейінгі ойлы ғалымдардың мықтап сезгені, тіпті айыра білгендері қуантады. Филология ғылымдарының докторы, С.Аманжолов атындағы Шығыс қазақстан университетінің ректоры Бейбіт Мамыраевтың «Ш.Сәтбаеваның еңбектеріндегі әдеби байланыстар проблемалары жай ғана географиялық немесе этнографиялық сипаттағы көркемдік қатынастардың сыртқы аспектілерінің негізінде емес, керісінше, халықтардың рухани жақындасуына тартылыс туғызатын ішкі ынтазарлық тұрғысында қарастыратынын атап өткен жөн. Мұндай әдістемелік шешім қазақтардың өткен өмірін мәдени-өркениетті үрдістермен үндестікте көріп-тануына мүмкіндік туғызды» (Ш.Сәтбаев. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 том. «Елорда», 2007. 7-бет.) деген ғылыми анықтаманың айтары кімге болса да түсінікті болуға тиіс. Әйтпесе, соңғы кезде «ұлы кемеңгер, классик, бұдан асқан данышпан жоқ, ғұламалығы асқар Алатаудан да биік» дейтін жылмағай жәреуке сөзді үйіп-төгіп айтып жүргендерге сабырмен, үлкен парасатпен айтар ойдың шындық деңгейінде дәлелді де түсінікті болатынын Шәмшиябануға арналған еңбектерден анық көреміз. Оған өзі себепші, «мен пәленді қиратып жатырмын, мынадай зәулім сарай салып, данышпандық жасадым» деп айтпаған ұятты адамның машығы оған арналар әр сөзде, әр істе сақталса ғана абыройлы болмақ.

Ш.Сәтбаеваның ғылым саласында тындырғандары мен жазғандарын тізіп айтудан оңайы жоқ, алайда ең негізгілеріне көңіл бөлген дұрыс деп есептеймін. М.Горбачев билік басына келгеннен бастап «қайта құру» деген ұран басталғанға дейін орыс әдебиетшілері мен ғалымдары революция тұсында елі-жерін тастап, шет елге барған соң отанындағы жаңалық атаулыға, әсіресе пролетарлық диктатураға қарсы шығып, ешбір жақсылықтың нышанын көрмей, даттай, жамандай беруге, мансұқтауға көшкен орыстың атақты жазушылары мен ғалымдарының еңбектерін СССР-де қайтадан шығарып, Бунин сияқты атақтыларға әдебиет тарихынан орын беріп, тіпті мектепте оқытып жатқандарына Қазақстанның саяси басшылары мән бере қарамай, коммунистік партиялықты жүзеге асырамыз деп шапқыладық. Өзіміздің атам заманғы емес, күні кешегі тарихымызда болған құбылыстарды шын ғылыми електен өткізу қате екендігін ескермей, коммунизмді тезірек орнатуға ұмтылдық. Осының асқынған шері 1986 жылғы қазақ жастарының көтерілісіне себепші болғанын аңғара бермейміз. Мәскеуде «қазақ ұлтшылдығын құрту» жөнінде қаулы алып жатқанымен, бұрмаланған тарихымызды былай қойғанда, күні кешегі алаш қозғалысы мен қайраткерлерінің шын сырын білуге ұмтылыс осы ұлт азаттық қозғалыстың түрткі болғанын бүгін ашық айтайық.

Алаңға шыққан жастар «қазақ елін қазақ басқарсын» деген ұлы арман құшағында болып, ұлт намысын жоқтағаны керемет игілікті іске бастады.

Дүниенің бәрі әріден емес, жақыннан басталып, анықталады ғой. Колбиндер тұсында мемлекеттік тіл мәселесіне қосыла алаш қайраткерлерін

актау процесі қатар жүрді. Қазақ ССР Ғылым Академиясына, Жазушылар Одағына, әсіресе М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына, жоғарғы оқу орындары мен Қазақ Ұлттық университетіне көп міндет пен үміт артылған-ды.

Алдымен Шәкәрім ақталғаннан кейін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті 1988 жылдың желтоқсанында «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы», кейін Міржақып Дулатовтың шығармашылығы жайында қаулы алып қазақ мәдениетінің, әсіресе әдебиетінің тынысын кеңейтіп, тарихын тереңдете жазуға мұрсат берді. Соның арқасында классиктеріміздің жарты ғасырдан аса жұрттан жасырып, оқытпай келген маржандарын жариялау қажеттігі туды. Институт ұжымы қауырт жұмысқа кірісіп, Ахмет Байтұрсыновтың Ә.Шәріпов пен С.Дәуітов құрастырған, Ш.Қ.Сәтбаева үлкен алғысөз жазған шығармалар жинағы 04.04.1989 жылы «Жазушы» баспасына тапсырылды. Ал Мағжан (14.04.89), Жүсіпбек (29.05.89) шығармалары да баспаға ұсынылды.

Орталық партия комитеті «М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың және Ж.Аймауытовтың – қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі туралы тарихи шындықты толық көлемде қалпына келтіру, олардың жеке шығармаларын, баспасөзде көрсетілген қателіктері мен уақытша адасуларын сыни тұрғыдан зерделеу» қажет екендігін айрықша ескертуді де ұмытпаған болатын. Осындай талаптың қыспағына түсіп, Ахмет Байтұрсынов туралы Ш.Сәтбаева жиырма беттік сүбелі ғұмырнама жазуына тура келді. Сөз әлпетіне, ой жүйесіне, айтпақ ниетіне қарағанда Шәмшиябану партиялық талапты қаншалықты орындаймын деп талаптанса да, тарихи әдебиеттен, архив деректерінен ғана емес, өз отбасының, әсіресе Сәтбаевтар әулетінің басына түскен тауқыметтердің бәрінен хабары бар екенін танытты. Дүниеден өтер алдында ата-бабасының шежіресін жасаған кітабында көп шындықты Ахаңа байланыстыра төгіле және тарихи дәл, ғылыми негізде жазды.

Ғылыми еңбекпен айналысқандардың сүйенері де, емеурінінен танытатындары да аз болмайды. Ахаңның коммунистік партияға кірердегі өтінішін түгел келтіре отырып, Сәкеннің Ахаң мерейтойында айтқан ойын, яғни «Ахмет коммунист партиясында көп бола алмады. Көп бола алмайтыны белгілі еді. Ахаң байлардың құлдығында шіріген жарлылардың айғайшысы емес, олардың шокпаршысы емес, бірақ байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек, ұлтжанды еді» деп Сәкеннің ашы ойының соңғы жағын қызыл көздер ұлтшылдықпен айыптап жүрмесін деген сақтықпен, Сәкен ойының сөлді жерін, яғни кейбір «оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын сүйетін шын ұлтшыл» (С.Сейфуллин. шығармалары.

«Қазығұрт» 5-том, 2005, 242-б) деген сөздерін әрі жалғастырмай, Ахаң мен Сәкенді де совет заманындағы екі қауіпті «ұлтшылдар» деген түсінікке іліктіріп алмауды көздепті.

Бұл ұлыларымызды саяси жақтан қорғаштаудың бір амалы болса, екінші жағынан оның алып тұлғасын, қазақ халқына сіңірген еңбегін санамалай келгенде Ахаңнан «басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілер санаулы. Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның әдебиеттегі жолы, қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та тарих ұмытпайтын істер» (А.Байтұрсынов. Шығармалар. Жазушы. 1989. 19-бет) деген лепіrmесі жоқ тұжырымның өзі Шәмшиябанудың ғылымдық әдебін анық аңғартады.

Аз да болса да саз жазатын ғалымның бір топ еңбегі ата-баба әулетіне арналған кітаптары дер ем. Қазір өтірікті көпіртіп, түймедейді таудай етіп көрсетуге жанығып жүргендерге Ш.Сәтбаеваның әдептілігі мен инабаттылығынан үлгі алу қажет.

Қаныш Сәтбаевтың есімін атағанда жұрттың бәрі пайғамбар деңгейлес тұлғаны есіне алары сөзсіз. Ал сол фамилияны иемденген, сол ұрпақтан өсіп-өнген, басқа біреуден пәлендей бір қолдау көрмей, өз еңбегі, өзі білімімен ел-жұртқа, ғылыми ортаға қадірлі болған Шәмшиябанудың кеуде керген, мен пәлендей әулеттенмін дегенін естіген пенде жоқ шығар-ау. Осы қасиетті мінез-құлығын 1996 жылы шыққан «Сәулелі әулет», онан кейінгі «Әбікей Сәтбаев» (2000), СССР-ды және шет елдің талай мемлекеттеріне жасаған серуендерін «Из ранних лет» (2002), «Ұрпақ сыры» (2003) деген кітаптарында аңғартып қана отырғаны болмаса, «мен» не «біз» деп сөйлеу оның бойына дарымақ түгіл, ойына келмегенін көреміз.

Өзі құрған Қазақ ССР Ғылым академиясының президенттігінен 40 жылдардың аяғындағы идеологиялық қиянпұрыстыққа байланысты ауызға алар ғылыми еңбегі жоқ, дұрыстап сөйлей алмайтын кандидаттың жаласына, өтірігіне сеніп қызметтен алған уақытта Қанекен «два года назад решением Совета Министров СССР по личной инициативе тов.Сталина построены на государственные средства представлены в дар собственности академиком, в их числе и мне, отдельные благоустроенные дачи под Москвой имеющие по шесть комнат, все коммунальные удобства» (Ш.Сәтбаева. Уақыт шуағы. Ғылым. 2000. 638-бет) дегеннің үстіне СССР Ғылым академиясының президиумы және Москва мемлекеттік университетінің ректоры атақты И.Г.Петровскийдің қызметке шақырғандарына рахмет айтып, өзімді «Қазақстанға керегірек сезінемін» (бұ да сонда 636-бет) дегені кәзіргілерді таң қалдырса керек. Осындай мүмкіндікті аз уақытқа болса да пайдаланбай, жәбір-жапа көрсетіп жатқан Отанына қызмет етуді көздеген қайраткерлер біздің тарихымызда онша көп емес. Ұлылықтың өзі саналы пенделік арқылы көріктенетінін Шәмшиябану айғайлатпай, дуылдатпай жан-жағын

мүйіздемей, әшейінгі жай құбылыстай қылып жеткізуі де үлкен инабаттылық екеніне қол қоймасқа шараңыз жоқ.

Ш.Сәтбаева жазып кеткен ғылыми еңбектері мен газет-журналдардағы жариялымдарын түгелдей қамту мүмкін болмағандықтан 2000 жылы шыққан «Уақыт шуағы» дейтін жинағынан аз ғана дерек келтірейік.

Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының 70 жылдығында «Қазақ мектебі» журналы Шәмшиядан сұхбат алып, 3 сұрақ қойыпты. Сонда 1946-50 жылдары филология факультетін, 1951-54 жылы Мәскеу университетінің аспирантурасын тәмәмдап, ғылым кандидаты болып оралады. Өзі оқыған қара шаңырақта 11 жыл ұстаз болып, 1965 жылдан М.Әуезов атындағы Әбедиет және өнер институтына ауысып, өмірінің соңына дейін аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып, қазақ ССР ғылым академиясының мүше-корреспонденттілігіне (қазір академиктігіне) сайланды.

Жалпы жарияланымдарының саны 400-ден астам, оның ішінде 10 монография, орыс мектептеріне және жоғарғы оқу орындарының филолог студенттерге арналған 2 оқулық, 1 әдістемелік құрал шығарған. Оның ғылыми жетекшілігімен 4 доктор, 18 кандидат дайындалған.

Бұлар қоғамдық-әлеуметтік саладағы еңбегі болса, пенделік тұрғыдан да басқаларға үлгі шашар өнегесі бар. Жары Оразай Батырбековтің ел алдында абыройлы, жора-жолдастарының ортасында сыйлы болуына өлшеусіз үлес қосты. Тауман Амандосовтың қазақ зиялыларынан ұйымдастырған «колхозының» қатардағы мүшесі болып, барлық бұйрық-жарлықты қиналмай, күле жүріп атқарғанын көрген едік.

Бұл ептеп болса да әлеуметтік жай болса, Шәмшиябану аналық міндетін де үлгілі атқарды. Үш ұл, бір сұлуды өсірді. Ұлы Қаныш атасы атын қойған Ғазиз тарих ғылымдарының, Еркеші химия ғылымдарының докторы, қызыл гүлі Райхан филология ғылымдарының кандидаты, кенжесі Ержаны Қазақ университетінің түлегі болып, ғылым-білім саласында еңбек етіп, талай зерттеулерін шығарды.

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның творчестволық портретін, адами келбетін бұдан да әрі баяндауға шамам келгенімен, әңгіменің дәмін кетірмей, осымен де тұйықтасақ болар. Қалай дегенмен өмірден өз орнында таба білу, оны үлкен абыроймен атқару, болдым-толдым деп тасымау, инабатпен ел ортасында қадірлі де құрметті болып жүргенге ештеңе жетпейді. Сонда ғана ел ескерер тұлғаға айналасың. Шәмшиябану замандасым Адам деген абыройлы атаққа дақ түсірмей, асқар биікте өткен азамат. Оны халқы әрқашан қадірлейді.

Тұрсынбек Кәкішев, профессор. 21.02.2010.